

## Мүгедектерге жұмыс орындар квотасын белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы N 629 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 15 қаңтарда N 2488 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 13 мамырдағы N 204 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің 13.05.2016 N 204 қаулысымен (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 31-бабы 1) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабы 5-2) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тайынша ауданының жұмыс берушілері үшін жұмыс орындарының жалпы санынан үш пайыз мөлшерінде мүгедектерге арналған жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. "Мүгедектерге жұмыс орындары квотасын белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 11 ақпандағы № 42 қаулысының (Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Әділет басқармасында 2009 жылдың 10 наурызында № 13-11-143 тіркелген, 2009 жылғы 3 сәуірдегі № 14 "Тайыншинские вести", 2009 жылғы 3 сәуірдегі № 14 "Тайынша таңы" аудандық газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Иван Иванович Турковқа жүктелсін.

4. Аудан әкімдігінің осы қаулысы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Тайынша ауданының әкімі*

*С. Салтықов*